

**Ағыбаев Б.Қ. \***

«6Д011400-Тарих» мамандығының 2-курс докторанты

Абай атындағы ҚҰУ, Алматы, Қазақстан

**ШАЯН ӨңІРІНІҢ САЯСИ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРІН АЙҒАҚТАЙТЫН  
ҚҰЖАТ ТАБЫЛДЫ**

Автор корреспондент: [agubet\\_bakanai@mail.ru](mailto:agubet_bakanai@mail.ru)

**Түйін:** Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивінің қорында сақталған Бәйдібек ауданының тарихына қатысы бар құжат баяндалады. Құжат араб графикасынан аударылып, ғылыми айналымға енгізу мақсатында тұңғыш рет жарияланып отыр. Құжатта Шаян болысының 1928 жылғы саяси қоғамдық өмірі баяндалған. Елбасымыздың Ұлы даланың жеті қыры «Рухани жаңғыру», «Туған жер», «Архив-2025» бағдарламаларында атап көрсетілгендей, қазіргі кезде өлкетану туған жердің тарихына терең бойлап, археологиялық-тарихи үйірмелер жұмысын жандандыру жұмыстары өзекті болып тұр. Осы орайда, Өлкетану матеиалдарын архивтік деректермен толықтыру маңызды. Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивінің қорынан <sup>1</sup> қазіргі Түркістан облысы, Бәйдібек ауданының тарихына қатысы бар баға жетпес құжат табылды. Құжат мәлімдеме хат түрінде жазылған.

**Кілт сөздері:** Бәйдібек ауданы, күнделікті өмір тарихы, Шаян болысы, Туған жер бағдарламасы.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында, «Рухани жаңғыру», «Туған жер», бағдарламаларында атап көрсетілгендей, қазіргі кезде өз өлкеңнің тарихына терең бойлау, археологиялық ескерткіштер мен тарихи-мәдени орындардың маңыздылығын түсіну әрбіріміздің міндетіміз іспетті. Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивінің қорынан <sup>2</sup> қазіргі Түркістан облысы, Бәйдібек ауданының тарихына қатысты құжат табылды. Құжат мәлімдеме хат түрінде жазылған. Шаян болысынан Қазақстан Орталық Атқару комитетіне Алматы қаласына жолданған. Құжатта Шаян болысының 1928 жылғы саяси қоғамдық өмірі баяндалған. Құжатты жіберуші Пиалай Күнтуқызы. Құжат ғылыми айналымға енгізу мақсатында тұңғыш рет жарияланып отыр.

Хаттың мазмұны 6 бөліктен тұрады: 1-Болыстық кеңсе жайынан, 2-Болыстық жердің заң орындау жайы, 3-Болыстық жердегі Союз Қосшы ісі жайынан, 4-Болыстық жердегі ағарту бөлімінің ісі турасына, 5-Болыстық жердегі денсаулық жайы, 6-Болыстық жердегі қалықтың шаруа жағдайы. Құжат араб әріптерімен (Ахмет Байтұрсынұлының төте жазу емлесі) қазақ тілінде жазылған. Төменде осы хаттың мәтінін төте жазудан аударып, орфографиялық және стилистикалық ерекшеліктерін сақтай отырып сол күйінде береміз.

Бұл мақала Бәйдібек ауданының тарихын өлкетану бағытында зерттеу ғылыми ізденіс жұмысының бір бөлімі болып саналады. Архив материалдарымен танысып, жинақтау барысында анықталған архив құжаттарымен таныстыруды көздейді.

**Қазақстан Кіндік Атқару Комитетіне!**

**Шаян болысының жағдайы туралы**

**Пиалай Күнтуқызынан сіздерге не істеп отырған жайлы түсінігі**

Ардақты Қазақстан Атқару Комитет Мүшелері: Мен сіздердің алдарыңызға келуге, бір қана өзім жүрген болысты емес, бүткіл Шымкент уезінің тұрмыс жағдайынан түсінік беріп өту мойындағы міндеттік бек үлкен еді.

Бұл мақсатты іс жүзінде асыра алмағаныма себепші: хат танымағандығым. Саяси

<sup>1</sup> ҚР ОМА фонд №5 «Қазақстан Орталық Атқару Комитеті»

<sup>2</sup> ҚР ОМА фонд №5 «Қазақстан Орталық Атқару Комитеті»

білімімнің таяздығы. Бұны айталмаған күнде де өздеріңізге мәлім: хат танымаушылық пен саяси соқырлықтан кешегі кеңес бостаншылығына шейін қараңғылықта жатып, кеңес бостаншылығының арқасында ғана дүние жарықтығын танып, адам баласының бір жиыны әйел болып, дүниеге жаралғаннан бері адамдық құқығымызды алғандығымыз.

Бұлай болғандықтан күнде ісін істесіп, жатсамда тұрсамда өзім мен бірге жүрген кісідей болып қалған, Шаян атты болыстық жердегі елдің жәй түйінен төмендегіше түсінік беріп өтпекпін!

### **1. Болыстық кеңсе ісі жайынан.**

Бұл күнде болыстық кеңсе халықтың ортасынан салынып 28 – жылдың басынан бері қарай болыстың кеңсе ісі жақсы жолға қойылды. Болыстық атқару камитеті мен болыстық партия камитетінің байланысы жақсы. Болыстық партия камитеті барлық болыстық іскергерге жолбасшылық қылып тұрады. Партияның нағыз саясатын қолдану мен өздерінің ауызбіршілігі арқасында. Елдегі жікшілдер мен бұрынғы ескі салдарда келе жатқан, бай, атқамінер тиісті, қожа молда сияқты суаяқтардың аты өшіп, саны азайып, сапасы кетуде. Осылар құрыған сайын ел арасы тыншып, кедей, дихан, батырақтардың өкімет сасатын тану жөніндегі түсүнігі күннен, күнге ілгерлеп дүниежүзінің еңбекшілер үстемдігін орнату ісіне тайындалуда. Бұл іске жалпы халықтың әзірлігін күшейту ретінде болыстық партия камитетімен белсенді азаматтардың іске кірісуі жақсы.

Жақсылығы елдегі кедей, дихан, батырақтардың жалпылық арасында іскерлік қызметін үйрету жөнінде үгіт насиқат арқылы түсінік беріп жүр. Сонымен қатар осы жылдың май айынан бастап, сіздердің нұсқаларыңыз бойынша іскерлік қызметін үйренуге жиылған адамдардың жатын жәйін дайындау жөніндегі әзірлікті ескеріп болыстық кеңсе: .... ынтымаған белгіледі. Бұдан былайда соларға ауқат көлік дайындау жөнінде әзірлік етбек.

Болыстар мен бірге аудандастыру мәселесіде ескеріліп, бұрын Шаян болысын 27 – ауыл бөлетін болса 14 ауылын қысқартып қалған ауыл аткомдерге ықшамдап осы күні 13 – ауыл атком бөлінді.

### **2. Болыстық жердің заң орындау жәйі**

Бұл жағы жақсы жолға қойылып жатыр. Жақсылығына дәлел болатын нәрсе губерналық жерден прокорордың орын басары бір тергеушімен шығып, елдегі үкімет заңынан тысқары кеткендерді ақтара тексеріп қианатшылдардың жазасын беріп жатыр. Қианатшылдар байлар, молдалар, жуан жұдырықтар, пәреқорлар, атқа мінерлер сияқтылардың жауыздығын бұрын алдында әшкерілеп бір жағынан қалықты үгіттеп қараңғылықтан оятып жатыр. Осы мен бірге әйел теңдігінің заңда үгіт насиқат жөнімен қалыққа таралып жатыр.

Болыстық жердегі әйелдердің басын қосып сауатсызын сауаттандырып әйел теңдігін ұғындыру мен үкімет саясатын таныстыру жолы істеліп жатыр.

### **3. Болыстық жердегі Союз Қосшы ісі жайынан<sup>3</sup>.**

Болыстық жердегі Союз Қосшы ісі нашар. Болыстық, ауылдық жерлерден Союз Қосшы ісін жүргізу жөнін басқарушылар дайындалса да союз қосшы ісін басқара алмайды. Мәселен ауылдық жерден с/қ старшын сайланса оған қызмет ақы жоқ. Старшындыққа сайланған азамат «мен ауылдық жерде с/қ старшыны болдым. Маған қызмет ақыны үкімет бермеген мен халықтың өзі беруге тиісті. соны халық өздерің бір жағдайын қарастырып қызмет ақы бермесендер болмайды» деген сөздермен союз қосшыға мүше болып жүрген азаматтардың басын қатырады.

С/қ ұйымын ұйымдастыру мен бірге жәбірленген кедейлерді ұйымға тартатын арқылы бұлардың жағдайына керекті нәрсені үкіметтен алып беріп байлардың құлдығынан ажыратайын деген пікір ойына кіріп те шықпайды. Құр с/қ – мүшеі болдым

---

<sup>3</sup> Түсініктеме: «Союз Қосшы» дегені Қосшы Одағы ұйымы. Қазақстанда 1921-1933 жылдар аралығында жұмыс істеді.

старшыны болдым, болыс болдым деген жоғарыдағы айтылған әсіретті істерді істегеннен басқа түк те бітірмейді.

Бұларға болыстық с/қ бастығы яғни жоғарғы с/қ бастықтары жол басшылық қылуды білмейді. Осы күнге шейін кеудесі кердендесе с/қ мүшелерінің кей біреулерінің билетін екі жылдан, үш жылдан бері жаңалап берген емес. С/қ мүшелері кімдерден қай табынан құрылған, онда қайта тексеру жасап ажыратқан емес. Нақ осы күнде с/қ аты болмаса заты жоқ. Сондықтан сіздерден менің сұрайтыным осы с/қ ісін жолға қою шарасын ізденіп қастарыңыздан кіндік с/қ басқармасына нұсқау жібертсеңіздер екен.

#### **4. Болыстық жердегі ағарту бөлімінің ісі турасына**

Болыстық жердегі ағарту бөлімінің ісі әлінше жақсы. Қаржы кемі болғанмен істеуі бұл мәселен болыстық жерге қарасты мектеп бар. Бәріде елдің жиы жерінен тұрғызылған. Әр уақытта уездің ағарту бөлімінен адам барып тексеріп тұрады. Сонда да болса жоғарыдағыдай айтылған қаржының кемдігінен мектептің оқу құралдары жетімсіз.

Керек болғанда ғана мектептің оқу са...інде<sup>4</sup> балаларға жеткізе алмайды. Молдалардың баяғы оқу әдісі жөнінен кемсітігі бар. Оқу әдісінің құралдары жоқ. Балалар мектепке қатынап оқиды. Ілгергі ниетінен сіздерден күтеміз осы көрсетілген кемістіктерді толықтырар деп.

#### **5. Болыстық жердегі денсаулық жәйі**

Қалықтың денсаулық жәйі нашар! Әсіресе елде мерез ауруы көп. Онымен қатар өкпе құрт сияқты аурулар аз емес. Бұлар мен күресуге болыстық жердегі доктыр әрекет қылса да дәрі дәрмен жетіспейді. Дәріні көбейтуге қаржы кемтар. Бұнымен бірге қалық малының аурулар есебін оны қарап дәрі, дәрмек беретін мал доктыры жоқ. Бар болғанымен де малды қарамақ түгілі өзі ауыруға шалынып 3-4 айдан бері жатыр. Осы тақылетіне малдың да ауруы ұлғаюда.

#### **6. Болыстық жердегі қалықтың шаруа жағдайына келейік**

Жылдағыдан қарағанда биылғы жылы қалықтың тұрмыс ақуалы нашар. Нашарлығына себепші: 27 жылдың қысқа маусымында қар жөнді жаумауы көктемінде жаңбыр сирек жауып ауа райы құрғақ болды. жұрттың дақылы өнбей еңбегі жерде қалды. Қысқы азығын алалмады. Бұл кемшілік, жері болса ағын суы болмай құр аспаннан түсетін, дымқылға қарап аузын ашып отырған көбі кедей екен егіннен ғана үміт ететін қалық. Қай жерде де болса бар шығар. Сондада болса көзге көрініп тұрғанға, осы ақуалдығының ең қысымда тұрғаны біздің Шаян қалқы.

Сонымен бірге 28 жылға қараған қыстың түсуі қатты болып, құрғақшылықтан шөп жинай алмаған шаруалардан көбінің малы суыққа ұрынып күніне жүз деп, екі жүз деп малдары қырылуда. Бұл суық малды алуы мен тұрмай күн үшін түн жебелеп байлардың малын бағып жүрген жалшылар, тұрмысы нашар кедей, ауыл қыдырып нәзір тілеп жүрген молдаларды да үстіріп жатыр. Міні осы сияқты табиғаттың құбылысымен бірге құбылып жатқан оқиғаны істермен күресудеміз.

Мағұлмат етуші: Күнту /қолы/

12/... /Пиалай Күнту қызы/

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н. 2017. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана: Егемен Қазақстан. 12 сәуір
2. ҚР ОМА фонд №5 «Қазақстан Орталық Атқару Комитеті»

**Аннотация.** В этой статье найденный документ в фондах Центрального Государственного Архива Республики Казахстан. Архивный документ переведен с арабской графики и впервые

<sup>4</sup> Түсініктеме Осы жерде .... қойылған бір сөз анық оқылмады

публикуется, с целью введения в научный оборот. В настоящее время работа по интенсификации работы археологических и исторических кругов углубляется в истории родного края, что отмечается в программах «Рухани жангыру», «Туган жер» и «Архивы-2025». В связи с этим важно заполнить местную математику архивными данными. Центральный государственный архивный фонд Республики Казахстан обнаружил бесценный документ, связанный с историей Байдибекского района Туркестанской губернии. Документ представляет собой письменное заявление.

**Abstract.** In this article, the document found in the funds of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. The archival document is translated from Arabic graphics and is published for the first time, with the aim of introducing into scientific circulation. At the present time, the work on intensifying the work of archaeological and historical circles is deepening in the history of the native land, as it is noted in the programs of the "Spiritual Renaissance", "Land of the Land" and "Archives-2025". In this regard, it is important to fill Local Mathematics with archival data. The Central State Archive Fund of the Republic of Kazakhstan has found an invaluable document related to the history of the Baydibek district of the Turkestan Province. The document is a written statement.